ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 13 қараша №7119-24-00-2/12624 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева, сот отырысының хатшысы А.Галиеваның отыруында ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «DMSerVice inc.» Мусабек Мейірліжан Турғанбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі: Г.С.Жакаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мемлекеттік сатып алу веб-порталында №12553841-1-ЗЦП1 «Астана қаласы полиция департаментінің ЖБО және Астана қаласы білім басқармасы үшін Тапсырыс берушінің жергілікті бейнебақылау жүйесінің бейнекамераларына қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін бұлтты сервис қызметтері» бойынша бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы хабарландыру орналастырылды.

2024 жылғы 18 маусымдағы қорытындылар туралы хаттаманың негізінде №12553841-1-ЗЦП1 лоты бойынша «DMSerVice inc.» жеке кәсіпкері жеңімпаз болып танылды, бұдан әрі 480 000.00 теңгеге 2024 жылғы 25 маусымда №154 шартқа қол қойылды. Шарт бойынша қызмет Шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қызмет

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 20.11.2024
Дата вступления в законную силу: 23.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 25.12.2024
7119-24-3-1/12010

көрсету керек болған. Алайда, Өнім беруші шарт бойынша техникалық сипаттамасының талаптары бойынша 1.3.1, 1.3.2, 2.1, тармақтарына сәйкес, Тапсырыс берушінің меншігі болып табылатын жергілікті бейнебақылау жүйесінің бейнесигнал көздерінен бейне ақпаратқа қашықтан қол жеткізуді ұсыну үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар беру жөніндегі қызмет осы техникалық ерекшелікке сәйкес Тапсырыс беруші ұсынатын деректерді беру арналары арқылы ұсынылуға тиіс.

Ұсынылатын БҚ лицензияларының саны Тапсырыс берушінің объектісінде орнатылған және «MEGACAM.STRAZH IP-64-A16G-POE» бейнебақылау аппараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған бейнебақылау камераларының санына (24) сәйкес келуі тиіс. Лицензияның қолданылу мерзімі шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес келуі тиіс. Өнім беруші Тапсырыс берушінің объектісінде Астана қ. ПД ЖБО-да орнатылған оператордың АЖО үшін, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзіміне Астана қ. ББ-да белгіленген оператордың АЖО үшін орнатылған бейнекамераларға қашықтан қол жеткізу үшін БҚ лицензияларының қажетті санын беруге тиіс болатын, бұл талап орындалмаған.

Жауапкердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап арызды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкерлердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 20.11.2024
Дата вступления в законную силу: 23.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 25.12.2024
7119-24-3-1/12010

2024 жылғы 18 маусымдағы қорытындылар туралы хаттаманың негізінде №12553841-1-ЗЦП1 лоты бойынша «DMSerVice inc.» жеке кәсіпкері жеңімпаз болып танылған, жалпы сомасы 480 000 теңгеге 2024 жылғы 25 маусымда №154 шартқа қол қойылған. Шарт бойынша қызмет шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қызмет көрсету керек болған.

Алайда, Өнім беруші шарт бойынша техникалық сипаттамасының талаптары бойынша 1.3.1, 1.3.2, 2.1, тармақтарына сәйкес,

1.3.1. Тапсырыс берушінің меншігі болып табылатын жергілікті бейнебақылау жүйесінің бейнесигнал көздерінен бейне ақпаратқа қашықтан қол жеткізуді ұсыну үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар беру жөніндегі қызмет осы техникалық ерекшелікке сәйкес Тапсырыс беруші ұсынатын деректерді беру арналары арқылы ұсынылуға тиіс;

1.3.2. Ұсынылатын БҚ лицензияларының саны Тапсырыс берушінің объектісінде орнатылған және ""MEGACAM.STRAZH IP-64-A16G-POE" бейнебақылау аппараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған бейнебақылау камераларының санына сәйкес келуі тиіс. Лицензияның қолданылу мерзімі шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес келуі тиіс;

2.1. өнім беруші Тапсырыс берушінің объектісінде Астана қ. ПД ЖБО-да орнатылған оператордың АЖО үшін, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзіміне Астана қ. ББ-да белгіленген оператордың АЖО үшін орнатылған бейнекамераларға қашықтан қол жеткізу үшін БҚ лицензияларының қажетті санын беруге тиіс болатын, бұл талап орындалмаған.

Сол себептен шарт біржақты 2024 жылғы 12 қарашада бұзылған.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 20.11.2024
Дата вступления в законную силу: 23.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 25.12.2024
7119-24-3-1/12010

Талап коюшы Астана қаласы әкімдігінің «Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «DMSerVice inc.» Мусабек Мейірліжан Турғанбекұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «DMSerVice inc.» Мусабек Мейірліжан Турғанбекұлы сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «DMSerVice inc.» Мусабек Мейірліжан Турғанбекұлынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 20.11.2024

Дата вступления в законную силу: 23.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 25.12.2024

7119-24-3-1/12010